

Сондықтан мұндай адамға спорттың жеңілдеу түрлері десек, мысалы, жүгіру, спорт ойындарымен (футбол, волейбол, баскетбол, қол добы, т.б.) шұғылдануға болады. Екінші бір ағза бар, сүйек көлденеңінен өсетін, бірақ бойы аласалау болады. Бұл дене күш-қуат жағынан мығымдау да қайратты болып келеді. Мұндай тұлғаға жекпе-жекпен, жүзумен, гимнастика, акробатикамен шұғылдануына болады. Себебі спорттың бұл түрлері басқаларға қарағанда күш-қуатты керек етеді. Спортпен шұғылдану жүйесі кезең-кезеңмен жалғасады. Бұның алғашқы кезеңі - дене шынықтыру дайындығы. Бұл кезең жаттықтырушының басшылық етуімен, спортпен шұғылдануды бастаған кезде алғашқы бірінші жыл және үш жыл бойына жалғасады. Бұл кезеңде спорттық дәрежеге жету жоқ.

Дене шынықтырудың дайындық кезеңі. Жалпы спортшылардық жоғары көрсеткішке жетуі негізінен жаттықтырушының қаншалықты білімділігіне және осы дене шынықтыру дайындық кезеңінен аса мұқият білгірлікпен сауатты түрде өтуіне байланысты.[3,20 б].

Спортпен шұғылданудың екінші кезеңі — спорттық шеберлікті дамыту. Спортшы дене шынықтыру дайындығы кезеңінен өткеннен кейін, қаншалықты, қандай деңгейде дайындығы бар екені анықталғаннан кейін жаттықтырушының басшылығымен спорт аренасына шыға бастайды. Яғни, әр түрлі деңгейдегі (өзінің қаншалықты дайындығына байланысты) жарысқа қатыса бастайды. Осылайша, жоғары дәрежелі спортшылар тобын құрайды.

Спорттық жаттығу - педагогикалық процесс, әркімнің өзінің таңдап алған жаттығуымен шұғылдануын жетілдіру. Спортпен шұғылданғанда осы жаттығу жүйесі арқылы спорттық нәтижеге жету, яғни, атақты спортшы атану мақсатын көздейді.

Спортпен шұғылдану, яғни, жаттығу жүйесі оқу-үйрену арқылы ғана қалыптасады, біліктілік жетіледі. Сондықтан да спортшы атану, спорттық жоғары көрсеткіштерге жету, негізінен педагог-жаттықтырушыға байланысты болады. Демек, ең әуелі жаттықтырушының өзі спорттың осы түрінен мамандығы және арнаулы білімі болуы керек. Сонда ғана ынтасы бар жас жеткіншектерді тәрбиелей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы 2009.
2. Қ.Р. үздіксіз білім беру жүйесінде “Салауатты, денсаулықты сақтау бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру” тұжырымдамасы. – Валеология, дене тәрбиесі, 2003. №1.
3. Брусиловский М.В. Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері - А2001.

Д.Б.КАБАЛЕВСКИЙДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Әмиргали П. Ж.
Тарих және өнер факультеті,
музыкалық білім
мамандығының 3-курс студенті
Дик Ф.Б. ҚМПИ,
Өнер кафедрасының аға оқытушысы*

Д.Б. Кабалевскийдің музыкалық білім беру тұжырымдамасы, «Музыка» пәнінің жаңа бағдарламасы, Ш.Б. Құлманованың пайымдауынша, музыкалық білім берудің мазмұны мен құрылымында ұлттық ерекшелікті, ұлттық музыкалық ерекшелікті, ұлттық музыка өнерінің аса бай қазынасын ескеруге жол ашты.

Д.Б. Кабалевский бағдарламасының келесі ерекшелігі репертуарға енген музыкалық шығармалардың көбі тыңдауға, әрі орындауға арналғандығы және нота сауатын игерту болып есептелінді. Ш.Б. Құлманова атап өткендей, аталған бағдарламаның бірегей

тақырыптық негізде түзілуі қазақ халық музыкасын, оның ерекше бітімді әсемдігін толығымен пайдалануға шектеу болды.

1980-ші жылдары Қазақстанда академик Д.Б. Кабалевскийдің жетекшілігімен авторлық ұжымның дайындауындағы «Музыка» пәні бағдарламасының ендірілуі мектептегі музыкалық білім беруді әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге септігін тигізді. Р.Р. Джердималиева 1977 жылы академик Д.Б. Кабалевскийдің жетекшілігіндегі авторлық ұжымның «Музыка пәні бағдарламасын Қазақстан мектептеріне ендіруге байланысты қазақ мектептеріне лайықталған бағдарлама жасауға қытысты.

Жұмыстың мақсаты: Музыка жайлы жазылған еңбектерге сүйене отырып, оқыту принциптерін анықтау.

- Д.Б. Кабалевский еңбектерінің мәнін көрсету;
- Еңбектерінің таралуы, ондағы білім беру жүйесіндегі алар орнын анықтау;
- Музыкалық концепциясын білім беру ісінде пайдаланудың әдістемесін

көрсету

Жалпынамадан жекелікке, нақтылыққа қарай бет алғанда берілген процесте музыкалық - педагогикалық ізденісте үш дәрежені анықтауға болды:

1. Ізденістің, гипотезаның құрылысы (жалпы білім беру барысында жүйе құрып, оқушылар музыкалық өнерді біртұтас қабылдап, меңгеруіне педагогикалық механизмді ұсыну).

2. Жанр - интонациялық желісі мен музыкалық өнердің өмірмен байланысы арқылы ғылыми тану теориясын таңдау арқылы.

3. Оқу бағдарламасында теорияны қолдану және оны практикада жүзеге асыру.

Музыкалық - педагогикалық мәселері құрамына кіретін теориялық әдісті қысқаша қорыта келе, кейінгі жылдары философиядан, басқадай ғылым мен өнер саласынан алынған көптеген әдіс, шешімдер пайда болды.

Сонымен, музыкалық - педагогикалық мәселелерінің әдіснамалық пікірінің сипаттамасына маңызды қосымша жасауға болады: *әдіснамалық пікір деген – педагог - музыканттың қызметі, өзінің ғылымында әдіснамалық білімінің ұштастығы және де шектестік философиялық, ғылымилық, көркемдік - өзіндік - шығармашылық кезеңде (ізденіс принциптері мен әдістері) музыкалық – педагогикалық кәсібилік негізінде қаралады, оның шешімі, ғылыми тұрғыдағы дәйектеме біртұтастылығы.*

Жаңа кезеңдегі музыкалық білім беру педагогикасының дамуы мен музыканың қалыптасуы

Өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары музыкалық білім беру педагогикасы мәселелеріне қатысты пікірталастар өрби түсті. Пікірталастар біріншіден, сабақты «ән сабағы» немесе «музыка сабағы» деп атау, екіншіден, музыка сауатын қай жас кезеңінен бастап оқыту проблемалары төңірегінде туындады. Сонымен бірге музыка сабақтарының мазмұны, қолданылатын әдіс-тәсілдері туралы мәселелер көтеріліп, әсіресе, музыка сабағының бір-бірінен бөлектенген «ән үйрену», «музыка тыңдау», «музыка сауаты» тәрізді бөліктерінің немқұрайдылықпен, қалай болса солай бөлініп өткізілетіні бойынша күдік тудыратын қарама-қайшылықтардың беті ашылды.

Д.Б. Кабалевскийдің тұжырымдамасы негізінде музыкалық білім берудің басты үш міндеті қарастырылды.

Бірінші педагогикалық міндет – оқушылардың музыкаға эмоционалды қарым-қатынасын қалыптастыру. Бұл міндеттің орындалуы музыканы қабылдау негізінде жүзеге асырылады. Сөйтіп, оқушылардың музыкаға эмоционалдық нәзік байыптау, білімді меңгеру, дағды, іскерліктерді иелену, музыканы тыңдап, орындауға деген белсенді талпынысын оятуға қажетті жағдай туғызылады.

Екінші педагогикалық міндет – музыкаға деген саналы қарым-қатынасты қалыптастыру. Бұнда оқушылардың музыкалық шығармалары саналы түрде қабылдау тәжірибесін жинақтау, музыкалық білімдерді күнделікті өмірде қолдана білу; музыкалық

образдардың сипатын сезіну, даму логикасын байыптау, шығарманың өміршендігі мен идеялық негізін саналы түрде ұғып-түсіну қарастырылған.

Үшінші педагогикалық міндет – музыканы орындау, әсіресе музыкамен әуестенудің ең қолайлы формасы ретінде хормен ән салу процесіндегі іс-әрекеттік-практикалық қарым-қатынасты қалыптастыру. Бұл міндеттің шешімі оқушылардың музыкалық-есту ұғым-түсініктерінің қалыптасуы мен музыкалық қабылдау процесінде орындаушылық даңдыларының дамуына байланысты. Осы ретте оқушылардың музыкалық шығармаларда көркемдік образдың көрініс алуына өздерінің қатысы бар екендігін іштей сезінуіне кең жол ашылуы тиіс. Сонымен қатар іс-әрекеттік практикалық міндет алдыңғы екі міндеттің толығымен жүзеге асырылуына тікелей байланысты.

Музыкалық – педагогикалық мәселелерінің әдіснамалық талдау принциптеріндегі Д.Б.Кабалевскийдің еңбегі

Д.Б.Кабалевский «Музыка» пәнінің ерекшелігі мен мақсатын шешу үшін Б.В.Асафьевтің және басқадай педагог - музыканттардың идеясына сүйенді, әдіснамалық мақсаты мен міндеттерін шешу барысында өзінің «кілтін» тапты. Біріншіден, ол өзінің нақты ұстанымында тұрды: оқу бағдарламасының принциптері мен әдістері музыканың өзінен шағады, байланысты, оның интонациялық-бейнелеушілік табиғатынан. Екіншіден, мектептегі музыка сабақтары болашақ жас ұрпатың рухани, құлықтылық тәрбиенің байланыстығында.

Осы екі мақсатты Д.Б.Кабалевский өзінің тұжырымдамасында *тақырыптылық ұйымдастыру принципті* музыкалық – педагогикалық процесте шешуі. «Жаңа бағдарламаның тақырыптылығы – бұл баспалдақ, оның басқыштары (тақырыптары) оқушыны музыкалық мәдениетті меңгеруі. Бір басқыш берілмесе, ол деген баспалдықты жою, бағдарламаның біртұтастылығын жою, одан барлық шығармашылық, музыкалық-педагогикалық мағынасын алып тастау деген».

Сондықтан оның тақырыптылық принципі музыкалық сабақтарды жаңадан құрастыру, жаңашылдығы, негізі мәңгілік сұрақты шешу – «музыка сабағының біртұтастылығы».

Музыканың ерекшелігін терең сезініп, композитор музыкалық өнердің заңдылықтарына оқу бағдарламасына өзінің логиакын ұсынды. Д.Б.Кабалевский музыкалық білім мен икемділігін зерттей отыра, тұлғалық – шығармашылық түсінігімен қарастырып, музыкалық білім беру мазмұнының компоненттерінің түсінігі мен ерекшелігі кеңейтілді.

Д.Б.Кабалевскийдің концепциясында негізі, маңызды, өзіндік ұстанымы арқылы бағдарламаның айқын *бейнелеушілік кішіпейілдік бағыты*. Өзінің концепциясында жалпы педагогикада және музыкалық білім беру педагогикасының (В.А.Сухомлинский, В.Н. Шацкая) тезисінің негізі деп оқушылардың құлықтылығы пен эстетикалық тәрбие дамуын құрал ретінде, өмірмен байланысы және басқадай өнер мен мәдениет көріністерінде дейді. Сондықтан оқу – педагогикалық процесте өткен музыкалық мұраның рөлі, оның маңызы мен орны алады.

Біріншіден – мұғалімнің балаға кішіпейілдік көзқарасы міндетті, мұғалімнің шығармашылық потенциалы, музыкалық сабақтар «адамгершілік» пен жоғары рухани қатынаста болуы, мұғалімнің шығармашылық белсенділігі мен мақсаттылығы.

Осыдан музыка мұғаліміне (адамға, кәсіби мұғалімге) қойылатын негізгі талап: «Адамның шығармашылық бастамасы, өз еңбегінде шығармашылық қатынасы болмаса – маман - жаратушы мен жәй ғана маман - кәсіпкер «су бөлгіші» болады» (Д.Б.Кабалевский).

Педагог-музыкантты дайындау д.б.кабалевскийдің музыкалық даму жүйесі.

Музыкалық білім беру – педагогиканың ең күрделі саласы. Музыка материалы, оның әсемділігі, айшылықтылығы тұтас тәрбие беру, оқыту, дамыту міндеттерінің ажырамас бірліктегі педагогикалық ықпал студия құралы болып табылады.

Бірізділік принципі – музыкалық білім беру бойынша теориялық және практикалық мәселелердің бірізділікте белгіленуін талап етеді. Музыка пәні мұғалімі музыкалық білім

беру жұмысының әр кезеңінде белгілі бір міндеттерді лайықтап шешу үшін оның алдыңғы кезеңдерінде дайындық жұмыстары жүргізіліп отырды.

Жүйелілік принципі – музыкалық білім беруді және музыкалық білімдерді меңгертуді белгілі бір ретпен, жүйелі түрде жүзеге асыруды көздейді. Ол музыкалық білім мазмұнының, сонымен бірге оқу-тәрбие процесінің логикалық түрде құрылуын ұстануды қарастырады.

Музыканы оқыту барысында жеке тұлғаны тәрбиелеу, музыканы оқыту, жалпы даму міндеттерін оңтайлы жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі музыкалық білім беруде *ізгіліктілік, эстетикалық адамгершілік бағыттылығы принципінің* қатаң сақталуы болып табылады.

Музыкатанымдық бағыттылығы. Жеке тұлғаның музыка өнеріне кірігуі музыканы тыңдау, орындау және музыка шығару сияқты іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Музыканы тыңдаудың музыкатанымдық бағыттылығы өнер туындыларымен таныстыру ғана емес, оқушылардың музыкалық шығармаларды толыққанды қабылдау іскерліктерін, дағдыларын қалыптастыру, музыкалық, шығармашылық қабілеттерін, музыкаға қызығушылығы мен музыкалық талғамын дамыту міндеттерін шешіп отырады. Ол үшін оқушыларға музыкалық образдардың мәнерлігі, мәнерлеу құралдары, музыкалық ойдың өзегі болып табылатын интонация жөнінде түсініктер музыкалық шығармалардың формалары туралы мағлұматтар беріп, музыкатанымдық білімдерге икемдеу қажет.

Музыкалық-психологиялық бағыттылығы музыка пәні мұғалімінің оқушылардың музыкалық қабілеттерін мақсатты бағыттылықпен дамыту процесінде және оның өзіндік принциптерін жүзеге асыруда қамтамасыз етеді.

Музыкалық-педагогикалық бағыттылық музыка өнерін меңгертуде еліктіргіштік, бірізділік, жүйелілік, музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің бірлігі, образдылық және тұтастық, музыкалық-педагогикалық мақсаттар мен құралдардың диалектикасы, көркемділік пен технологиялықтың бірлігі, музыкалық-шығармашылық процеске өзін сәйкестендіру принциптері негізінде қамтамасыз етіледі. Д.Б.Кабалевский тұжырымдамасы бойынша, музыка сабағының тұтастығына қол жеткізудің негізі оның тақырыбы болып табылады. Оның пайымдауынша, сабақтың жекелеген элементтері тек мұғалімнің санасында ғана бекітіледі, ал оқушылар үшін музыка сабағы оның құрамына кіретін элементтері бір ұғымға сиятындықтай тұтастықта болуы керек.

Д.Б.Кабалевский балаларға арнап бірнеше шығармалар, әндер жазған. 1973 -1981 жылы Москва қаласының бір шетінде музыка пәнінен сабақ беріп сол сабақ беру мақсатында өзінің практикада бірнеше эксперимент жүргізеді. Кабалевский мектепке қандай жолмен келеді, оның мақсаты не еді? Ол жаңа бағдарлама жасау мақсатында тарылмай шаршамай еңбек етті. Бұл жаңа бағдарламаның мақсаты балаларға музыканың не екенін қайдан шыққандығын және музыканың ең көлемді жанрларына тоқталып балаларды жан – жақты тәрбиелеу болатын.

Музыканың ерекшелігін терең сезініп, композитор музыкалық өнердің заңдылықтарына оқу бағдарламасына өзінің логиакын ұсынды. Д.Б.Кабалевский музыкалық білім мен икемділігін зерттей отыра, тұлғалық – шығармашылық түсінігімен қарастырып, музыкалық білім беру мазмұнының компоненттерінің түсінігі мен ерекшелігі кеңейтілді.

Д.Б.Кабалевскийдің концепциясында негізі, маңызды, өзіндік ұстанымы арқылы бағдарламаның айқын *бейнелеушілік кішіпейілдік бағыты*. Өзінің концепциясында жалпы педагогикада және музыкалық білім беру педагогикасының (В.А.Сухомлинский, В.Н. Шацкая) тезисінің негізі деп оқушылардың құлықтылығы пен эстетикалық тәрбие дамуын құрал ретінде, өмірмен байланысы және басқадай өнер мен мәдениет көріністерінде дейді. Сондықтан оқу – педагогикалық процесте өткен музыкалық мұраның рөлі, оның маңызы мен орны алады.

Қорыта айтқанда, музыкалық білім беру педагогикасының дамып, қалыптасуы жағдайында көз жіберу, тұтастай алғанда, жалпы педагогиканың, психологияның, эстетиканың, музыкатанудың, мәдениеттанудың түйісер тұсында дамып, қалыптасқан ғылымаралық дербес ғылым саласының пайда болғанын айғақтайды. Музыкалық білім беру

педагогикасының дамып, қалыптасу тарихын таразылау оның ғылым саласы ретінде мәні мен ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Астана-1998
2. М. Жұмабаев Педагогика Алматы Рауан -1992
3. С. Ш. Әбенбаев Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы Дарын -2004
4. Р.К. Дүйсембінова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006
5. Абдуллин Э. Б., Е. В. Николаева Музыка мұғалімінің музыкалық- педагогикалық технологиялары - М., 2005
6. Сағынтаев П., Шәкірбаева А. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие әдістері. Алматы: Рауан, 1996
7. Баранов С.П. Принципы обучения. – М., 1975.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БІРІ - ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Жамантай Н.Қ.

**Ы.Алтынсарин ат. Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының студенті
Бисенғали М.Ғ. – ғылыми жетекші,
дене мәдениеті және спорт
кафедрасының оқытушысы**

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын. Бұл ойын сабырлықты, математикалық ойлауды, ұстамдылықты, шыдамдылықты және ұқыптылықты қалыптастыратын ойын. Ойынға қарап отырып, ата-бабамыздың қалдырып кеткен бар мәдени байлығы, қазынасы деп, аса құрметпен қарауға тұрарлық құнды дүние екендігін атап кеткеніміз жөн. Сол себепті дүние жүзіндегі үстел үстінде ойнайтын спорттық ойындардың ішінде тоғызқұмалақ ойыны да жоғары тұруы керек. Тоғызқұмалақ ойыны туралы алғашқы әдістемелік оқу құралын жазған белгілі тоғызқұмалақ шебері Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, ойынның алғашқы ұстаздардың бірі – А.Ақшораев.

Тоғызқұмалақ – қазақтың ерте заманнан келе жатқан ұлттық спорт ойындарының бірі. Тоғызқұмалақ ойынын «қойшылар алгебрасы» деп те атайды. Оның себебі тоғызқұмалақ ойынын «қойшылар алгебрасы» деп те атайды. Оның себебі де жоқ емес. Тоғызқұмалақты алғаш рет ауыл қойшылары төбенің басына жиналып, жақ-жақ боп ойнайтын болған. Алайда ол кезде тоғызқұмалақты қойдың құмалағымен ойнайтын болған. Қазіргі кезде тоғызқұмалақ арнайы тақтада ойнайды. Ол тақтаның ойылып жасалған он сегіз ұя- шұқыры бар. Мұны тоғызқұмалақ тілінде «Отау» дейді. Әрбір ойыншының тоғыз-тоғыздан отауы, құмалақ жинайтын бір-бірден қазаны бар.

Тоғызқұмалақ ойыны - есеп ойыны. Оның себебі – бұл ойын негізінде жұп сандар мен тақ сандардың өзара тартысы. Ойынды заңды түрде қай ойыншының бастайтындығы жеребе арқылы шешіледі.

Тоғызқұмалақ ережесі. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз. Ойында жүріс жәй және шабытты болып екіге бөлінеді. Жүріс